# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 02 (487)
12 қаңтар, 2023 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
***Мағжан***

## «СЫР ЖАСТАРЫ»: ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАЙЛЫ БАСПАНА

Ал басында баспанасы, астында көлігі бар адам өз иелігінен өзгеге пайдалы болуды парыз санап, қоғам мен адамзат үшін қайталанбас жаңа дүниелерді жасап шығарады, сүйікті ісінің саңлағы болуға тырысады. Демек қажеттіліктерді қамтамасыз ету мемлекет тарапынан көрсетілетін үлкен қолдау болмақ.

Елімізде үй алуға алғашқыдан болатын түрлі ипотекалық бағдарламалар көп екені мәлім. Жақында жарияланған «Сыр жастары» бағдарламасы – сырбойылық жастарға арналған алғашқы жоба. Қызылорда облыстық мәслихаты Өлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясында Қызылорда облысының жастарына арналған «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасының алдын ала талқылауын өткізіп, отырыста жаңа бағдарламаның ережесі мен талаптары толық таныстырылды.

Айта кетейік, аталған бағдарлама облыс әкімі Нұрлыбек Налібаевтың облыстық жастар форумында берген тапсырмасына сәйкес жасалып, ұсынылып отыр.

Оған 18-35 жас аралығындағы соңғы 2 жылда Қызылорда облысында тіркеуде тұрған Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады. Жеңілдетілген несие 19 жылға 5% үстемемен «Отбасы банк» арқылы беріледі. Ал қатысушы банктегі жинағына сатып алатын үй бағасының 10 процентін салуы шарт.

**Адам баласының өмір сапасы қажетіне қарай қуралады. Автобуспен жүргендер көпік мінсем дейді, жалдамалы пәтерде тұратындар өз үйінше болса деп өзінше талпынады.**

Сонымен қатар жаңа бағдарламаға білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, журналистика саласының мамандары, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, ғылыми қызметкерлер, ұлттық холдингтердің жергілікті филиалдарының, екінші деңгейлі банк қызметкерлері, құрылыс, қоғамдық тамақтану және басқа да қызмет көрсету саласының қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлерінің қатысуына мүмкіндік бар. Жолдама беру балдық жүйемен жүзеге асырылатын болады.

Аймақта кезекте тұрған 7 жарым мыңға жуық жас бар екенін ескерсек, алдағы уақытта бағдарлама арқылы берілетін үйлердің жас отбасыларға ерекше қуаныш сыйлайтыны анық. Тұрақты комиссия мүшелері бағдарламаны талқылау барысында түрлі сұрақтар қойып, оған енгізілуі қажетті деп санаған ұсыныстарын білдірді. Алдағы уақытта бағдарлама жобасы бірлескен отырыста қаралып, облыстық мәслихат сессиясына шығарылмақ. Өрине, бұрын-сонды болмаған жаңа ипотекалық бағдарлама жастар санатына кіретін 18 бен 35 жас аралығындағы жастар мен жас отбасылар үшін жақсы мүмкіндік. Жаңа жылдың жақсы жаңалығы туралы жастар не ойлайды? Түрлі салада қызмет етіп жүрген белсенді жастардың пікірін білген едік.

**Дина БӨКЕБАЙ**

**Бейбітжан ҚОБЛАНОВ, Ұлттық жекпе-жек және ММА-ден Қазақстан және Өлем чемпионы:**

– Жаңа бағдарламаның ұсынылуы жақсы жаңалық. Өзі еңбек ететін салада озық болып, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген жастар көп. Тәуелсіз елдің азаматтық ретінде әрқайсысы баспаналы болуға лайықты деп ойлаймын. Баспана жайы қолға алынып, қолдау көрсетілін жатқанына қуаныштымын!

**Айзат КӨМЕНҚЫЗЫ, эндокринолог-дәрігер:**

– Медицина қызметкерлері үшін, оның ішінде арнайы өңір жастарына арналған жаңа ипотекалық бағдарламаның барын естіп, ерекше қуандық. Себебі әр адам баспаналы болғысы келеді. Бұйырса, жаңа бағдарламаның игілігін көріп, үйлі боламыз деп ойлаймын. Жастарды белсенділік танытып, баспаналы болуға шақырамын!

**Ердәулет МҰХТАРҰЛЫ, Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының баспасөз хатшысы:**

– Ипотекалық бағдарламалар көп болғанымен, жастарға тиімдісі аз. Ал Сыр жастарына арналған жаңа бағдарламаның шарттары өте қолайлы, қолжетімді. Әрі сан түрлі сала қызметкерлерін қамтиды. Сондықтан баспаналы болуға ниеттенгін жүрген жастар үшін таптырмас мүмкіндік секілді. Әрбір жас үйлі болсын!

## ӨЗГЕРІС БАЛАҒАТҚА БАЙЛАУ БОЛА МА?

**Соңғы уақытта қоғам талқысындағы мәселе – көпшілік алдында балағат сөз айту, бейәдеп әрекет жасау. Әсіресе, эстрада өнерпаздары мен жастар арасында мұндай теріс қылықтың үдеп бара жатқаны жасырын емес. Бір мысалы, өткен жылы Shiza лақап атымен танымал рэп орындаушы Асхат Жолшиев сахнада балағат сөз айтып, жұртшылықтың ызасын тудырған. Мұнан өзге әлеуметтік желіде де бірқатар жастың бейпіл сөз айтып, сынға ұшырағанын көргенбіз. Енді, міне, бұл әрекетке тыйым болғалы тұр. Себебі, елдегі Әкімшілік құқықбұзушылықтар кодексіне енген өзгерістерге сәйкес, қоғамдық орында айтылған балағат сөз үшін айыппұл 4 есеге артса, қамауға алу жазасы 5 күннен 30 күнге ұзарды.**

Жалпы жыл басы жаңа өзгерістермен басталды. Қаңтарда Мемлекет басшысы вандализм мен экологиялық құқық бұзушылықтар мәселесін қамтитын арнайы заңдарға қол қойды.

Мұндай қадам қоғам тәртібі мен мәдени деңгейіне өзгеріс енгізіп, талапты күшейтпек. Бұған дейін жаңа заңдағы ерекшеліктерді ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының міндетін атқарушы Азамат Құрымбаев БАҚ өкілдеріне мәлімдеген болатын.

«Әкімшілік құқықбұзушылықтар кодексінің жаңа нұсқасында «ұсақ бұзақылық» ұғымына: қоғамдық орындарда балағат сөздер айту; жеке тұлғаларды қорлау және оларға қысым көрсету; ғимараттарға, құрылыстарға, тұрғын үй-жайларға, ортақ пайдалану орындарына, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікке нұқсан келтіру; айналаға құрметсіздік білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер жатады», – деді А.Құрымбаев.

Ресми өкілдің сөзінше, қазір сот ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 5 АЕК (17 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салып, қамауда 15 тәәлікпен шектеледі екен. Ал жаңа өзгеріс күшіне енсе, айыппұл көлемі 20 АЕК-қа (69 000 теңге) артып, қамауға алу 5-тен 30 тәәлікке дейін ұзармақ. Аталған түзетулер наурыз айының басында күшіне енеді деп жоспарланған.

Иә, қоғамнан мәдениетті талап етудің тетігі – заң. Ескертумен елді түзеу, қақпаймен халықты қалыпқа түсіру мүмкін емес. Қатаң талап пен шегенделген шарт болған жағдайда ғана өзгеріс өріс алмақ. Заңдағы ерекшеліктің діттеген міндеті де дағы ғылыми жобасын қорғаған. Зияткер ерекше туындысын жарыққа шығару үшін бірнеше ай жұмсапты. Медицина және биология бағыты бойынша қала мектептері арасындағы оқушылар арасынан үздік деп танылып, облыстық комиссиядан сәтті өткен Айша бақша өнімінің пайдасымен бөлісті.

– Асқабақтың дәмін онша ұнатпаймын. Бірақ оны зерттей келе құрамындағы пайдалы минералдардың көп екеніне көз жеткіздім. Тіпті оның дәні де пайдалы. Ұстазым Мөлдір Жандосқызымен бірге жобаны біршама уақыт әзірледік. Сабынның үш, масканың екі түрін жасадық. Асқабақ маскалары бет терісінің сұлулығын және балғындығын сақтауға көмектеседі. Оның құрамында дәрумендер, минералдар мен қышқылдар өте көп болғандықтан, теріні нәрлендіріп, ылғалдандырады, – дейді Айша Тұрмахан.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін асқабақтың пайдалы қасиетіне аса мән бермеген Айшаның ғылымға деген қызығушылығының артуына сол. Алайда айыппұлдың көбейіп, қамау мерзімінің ұзарғанына бәрі келісе бермейді екен. Әлеуметтік желіде мұндай шешімнің орынсыз екенін айтып шағымданғандар да жетерлік. Уәжі – онсыз да қаржылай қиындықтан көз ашпаған халық байқаусыз айтқан бейәдеп сөзі үшін артық шығынға бата ма деген алаң. Мұнан өзге құрдастардың қағытпа сөз арасында айтатын бейпіл сөзі қысқарып, сөйлеу мәнері де өзгерер деген әзіл-шыны аралас пікір де кездеседі.

– Өрине, халықтың рухани деңгейі жоғары болғаны дұрыс. Себебі соңғы уақытта қоғамдық орында оң-солды балағат сөз айтатын азаматтар көбейді. Әсіресе, жастар арасында балағатқа үйір өнерпаздар көбейгені өкінішті. Сондықтан мұндай өзгеріс орынды, – дейді қала тұрғыны Мақсат Жәдікей.

Өзгерістің орын алуына қоғамдағы пікір мен лауазымды тұлғалардың әрекеті де себеп болса керек. Олай дейтініміз, жуырда Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыров отандық телеарнаның тікелей эфирінде түкіргенін көргенбіз. Сол-ақ екен, көше мен қоғамдық орындарда түкіруге және қоқыс тастауға тыйым күшейді. Балағат сөзге сальнар айыппұлды ұлғаюы да осыдан шығады. Соңғы уақытта мемлекеттік органның ресми өкілдері айтқан балағат сөздер әлеуметтік желіде кең тарады. Әсіресе, сұрақ қоюға талпынған журналиске жекіген, ар-намысқа тиетін сөз айтқан басшылардың саны басым. Заңдағы өзгеріс «ақ жағалыларды» байқап пікір білдіруге, эмоциясын тежеуге үйретеді деген үміт те жоқ емес.

P.S. Халықтың бәрі айыппұлдың 4 есеге артқанын қолдады деу артық болар. Кейбірі теленетін айыппұл көбейсе де құқықбұзушылықтың азаятынына күмәнді.

Тіпті, бұдан өзгерер дәнеңе де жоқ дейтіндер бар. Оған қоса өзгерісті заңнан емес, жастар арасындағы әдепті насихаттау мен отбасы құнды ғылығын дамытудан бастаған жөн деген пікір де кездеседі.

**Берен ШАҒЫРОВ**

**Көпшілік асқабақты күнделікті ас мәзірінде жиі қолданбаса да, пайдалы дәрменге бай құнарлы тағам екенін жақсы біледі. Тіпті ғалымдар асқабақ дәнегі мен қабығының да адам ағзасына тигізер оң ықпалы көп екенін дәлелдеген. Жуырда Қызылорда қаласындағы Әли Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп лицейінің 5 сынып оқушысы Айша Тұрмахан көкөністің тағы бір тиімді тұсын анықтады. Зейінді жас асқабақтан сабын және бетке арналған маска дайындап шығаруды қолға алуда.**

## ОҚУШЫ АСҚАБАҚТАН САБЫН ЖАСАДЫ

Айша асқабақтан алынатын тұрмыстық өнімдерді ғылыми жетекшісі Мөлдір Қалдыбекпен көмегімен жасаған. Оның бұл жобасы сәтті шығып, 2-7 сынып оқушылары арасында өткен «Зерде» республикалық зерттеу жобаларының облыстық кезеңінде «Асқабақтың біз білмейтін пайдалы қасиеттері» тақырыбын-жаратылыстану пәнінен сабақ беретін мұғалімі әсер еткен. Зерттеу жұмыстарынан бөлек, талантты оқушының музыкаға да ықыласы ерекше. Бүгінде ол М.Қанауов атындағы өнер мектебінің вокал класына барады. Сондай-ақ математика және орыс тілі оның сүйіп оқитын пәндері қатарында.

Алдағы уақытта кішкентай ғалым асқабақ қосылған кремдер мен бетті тазалайтын скрабтар шығаруды жоспарлауда. Химиялық қоспаларсыз дайындалатын асқабақ өнімдері сұлулық индустриясына өз үлесін қосарына сенімдіміз.

**Г.ЖҰМАДИН**

# БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ: ТАЛАП ҚАНДАЙ?

2019 жылы қазақстандықтардың банкке қарызы 4 трлн теңге көлемінде болған. Ал 2022 жылы 6,6 трлн-нан бір-ақ шықты. 3 жылға толмайтын уақыттың ішінде қарыз көлемі 61 процентке ұлғайған. Сарапшылар несие алатын азаматтардың көбеюін тікелей қымбатшылықпен байланыстырады. Мәселен, қазір отандастарымыз табысының 50-55 проценттен астамын азық-түлік сатып алуға жұмсайды. Одан бөлек керек-жарағы, жаңартатын киімі, дәрі-дәрмегі мен жолға кететін шығынын есептеңіз. Бір сөзбен айтқанда, тапқан табыс қажеттіліктен әрі аспайды. Сондықтан елімізде жеке тұлғалардың банкроттық туралы заңын қабылдау мәселесі туды, яғни әлдебір себептерге байланысты қарызды төлеу мүмкіндігі болмаса, заң жүзінде борыш жойылады.

### КРЕДИТТІК РАҚЫМШЫЛЫҚТАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ БАР

Бұл заң жобасы өткен жылдың басында қызу талқыға салынды. Ал мамыр айында құжат мәжіліс депутаттарының қарауына түсті. Бұл ретте «Бастаманың кредиттік рақымшылықтан айырмашылығы қандай?» деген сауал туындайды. Қазіргі заң жобасында сотсыз және сот арқылы банкроттық жариялау шаралары қарастырылғанын айту керек. Соттан тыс банкроттық туралы өтініш уәкілетті органның интернет-ресурсы немесе салықтық мобильді қосымша арқылы жіберіледі. Онда кредитордың атауы, берешек сомасы жазылады. Сондай-ақ, үш шартты құжатпен растау қажет. Олар сот орындаушысының өндіруге жататын мүлік пен ақшаның жоқтығы туралы атқару құжаты, өзге де атқарушылық істің болмауы, қарызды реттеу жағынан барлық шараларды (өтініш жазу, кредит мерзімін ұзарту, қарызды қайта құрылымдау және т.б.) жасап көру.

Бұдан бөлек, тағы екі негізгі талап бар. Біріншіден, банк, микроқаржы ұйымы немесе коллекторлар алдындағы қарыздың сомасы 4,9 миллион теңгеден аспауы шарт. Ал борышкердің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен, яғни, 36 018 теңгеден артылмайды. Соттан тыс банкроттық рәсімі алты ай жүргізіледі. Осы уақыттың ішінде оның қаржылық жағдайы жақсарса, сотсыз банкроттық жариялау рәсімін тоқтату қажет. Қарыздың мөлшері 4,9 млн теңгеден артық болса, жеке тұлғаның банкроттығын сот арқылы рәсімдеу керек. Борышкердің атында тіркелген мүлік аукцион арқылы сатылады. Ал одан түскен ақша қарызды жабуға жұмсалады. Бұған қоса банкроттың банк шоттарындағы ақша мен салымдар қаржы басқарушысының арнайы есепшотына аударылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – борышкер үшін міндетті шара. Сотта банкроттықтан бөлек өтініш берген адамның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары да бекітіледі. Оны орындау мерзімі бес жылдан аспауға тиіс. Мерзімінен бұрын орындауға рұқсат бар. Жоспарда қарыздан құтылудың нақты шаралары көрсетілуі шарт. Олар – қарызды кейінге қалдыру, бөліп төлеу, бір бөлігін кешіру, қарызды төлеу мерзімін ұзарту, кепілзатты беру. Борышкер өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы жалған ақпарат берсе, әкімшілік, тіпті, қылмыстық жазаға да тартылуы мүмкін.

### ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

2022 жылдың соңында Сенат депутаттары «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» осы Заңды мақұлдады. Енді 3 наурыздан бастап банкроттыққа өтініш беруге болады.

Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алады, яғни кредитор борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқылы емес. Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған борышкер мына-ларды білгені дұрыс: 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады (ломбард тардың микрокредиттерін алуды қоспағанда, қайта банкроттық 7 жыл өткен соң ғана мүмкін болады, банкрот болған тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізілетін болады. Сондай-ақ, алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша берешектер есептен шығарылмайды.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ТҮЙІНІ

Жалпы, бірқатар дамыған елдерде бұл мәселе бір жолға қойылған. Ресейдің өзінде жеке тұлғаның банкроттығы туралы заң қолданыста. Мәселен, Ресейде осы заң енгізілгеннен бастап жыл сайын 15-25 мың азаматтың борышы жойылады екен.

АҚШ-та банкроттық туралы істерді мамандандырылған соттар қарайды. Азаматтың немесе компанияның жеке жағдайына байланысты банкроттық рәсімдерінің әртүрлі түрі бар. Мәселен, білім алуға арналған несиелер, балаларды дамытуға арналған қаражат, алимент, сот шешімімен төленетін айыппұлдар, жарақат алуға байланысты міндеттемелер, ипотека бойынша төлемдер кешіруге жатқанымен, алаяқтық секілді жолмен алынған қарыз мемлекет есебінен кешірілмейді. Осылайша, АҚШ заңы азаматтарды сауықтыруға, төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге, «жаңа өмір» бастауға мүмкіндік береді. Ал Швецияда банкроттық туралы заңға қосымша ретінде «Қарыздан құтылу туралы» заң қабылданған. Ұлыбритания мен Францияда қарыз мерзімі 120 күннен асатын міндетті банкроттық институты бар. Жапонияда қарызды мүлік сату арқылы өтеу, «жою» процедурасы деп аталады. Бірақ өзін банкрот деп жариялаған азаматтар компанияларды басқару құқығынан айырылады.

Ал бізде аталған заңның алдағы уақытта қалай жүзеге асары уақыт еншісінде. Оның үстіне құжат барлық жеке тұлғаны бірдей банкрот деп тани бермейді. Қатаң талаптарға сай 500 мың борышкердің 5-10% ғана банкрот деп танылуы мүмкін екенін қаперге алған жөн.

**А.СНАДИН**

**Қазақстанның әр 5 азаматының екеуі қаржылық қиындығын несие алу арқылы шешкен. Жыл сайын жүргізілетін өмір сапасына қатысты зерттеудің нәтижесіне сәйкес, 2021 жылы соңғы 12 айда респонденттердің қаржы туралы пікірі жаман жаққа өзгерген. Бұл 2020 жылы коронавирустық инфекцияның таралуымен байланысты. Ал өткен 2022 жылы елімізде 1,3 миллион адам несие төлеу уақытын 90 күннен асырды деген дерек бар.**

# ҚАЗАҚТА ҚЫМЫЗ БАР, ӨНДІРІС ЖОҚ

**Құнарлы астың қадірін білетін қазақта қазір бәрі даяр. Көзінде тек «шетелде болады» деген дүниенің бәрі дастарханнан табылған соң, ұлттық ас – қымызға да сұраныс азайған. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылдың 11 айында Қазақстанда қымыз өндірісі 9,2 пайызға төмендепті. Мәселенің мән-жайын аймақтағы еңбек адамдарымен бірге талқылауды жөн көрдік.**

Қазақ үшін қымыз – дертке дауа, жанға қуат сусын. Десек те, қымыздың соңғы жылдардағы өндірістегі көлемі көңіл көншітпейді. Мәселен, 2022 жылдың қаңтар-қараша айында еліміз бойынша 1520 тонна қымыз өндірілсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 154 тоннаға артық өндірілген екен. Жыл сайын нарықтағы жаппай сатылымнан қалып бара жатқан қымыз өндірісінің қазіргі күйі осындай.



Әдетте ұлттық дүниені түгендеп, қазақы дәстүрдің бұрынғы қалпын іздегенде есімізге алғаш болып ауыл адамдары түседі. Кейде олардың да жаңа ғасырда өмір сүріп жатқанын ұмытып, «неге ауыл адамдары жылқы бағып, бие байламайды» деп кінәлайтынымыз жасырын емес. Расында бұл айыптау орынды ма? Төрт түлік бабын бір кісідей білетін шалғайдағы Қаратерең ауылының тұрғыны Нұрдаулет Каримовтен жылқы бағудың жайын сұраған едік. Аңғарғанымыз, қымыздың бабын табу да бірталай күш қажет етеді.



– Шаруа адамына бие ұстау оңай жұмыс емес. Біріншіден, оның жайылымдық жері мен жем-шөбі дайын болу қажет. Себебі бие де, құлын да ерекше күтімді талап етеді. Бие басы көбейген сайын оны жайлайтын уақытың да ұзара береді. Мысалы бес бас биеге таңертеңнен кешке дейін бір адам қараса, он бас биеге екі-үш адамның қол көмегі керек болады. Одан бөлек биені азанғы сағат 08.00-ден бастап әрбір екі сағат сайын сауып отыру керек. Негізінде наурыз айынан тамызға дейін бие ұстап, саумал алуға болады. Саумалды жылы жерге қойып, ашытып күнделікті күбімен бір-екі сағаттай пісіп отыру қажет. Сонда екі-үш күн ішінде қымыз бабына келеді, – дейді Н.Каримов.

Бірақ қаладағы «Балқаймақ» орталығының қызметкері Индира Сәдуақасова бұл пікірмен келіспейтінін айтады. Мәселе биенің бабында емес, халық сұранысының аздығы мен қымыз бағасында болып тұр дейді маман. Әрі аймақ халқының денсаулығы қымызды «көтере» алмайтын көрінеді.

– Біз тұтынушылар арасында «сүт өнімдерінің қайсы түрін таңдайсыз?» деген сауалнама жүргізген болатынбыз. Нәтижесінде аймақ тұрғындарының басым көпшілігі шұбатты таңдаған. Себебі өңірде түйе шаруашылығы жақсы дамығандықтан, шұбат қолжетімді әрі тұрғындар шұбатты ағзаға жеңіл, сіңімді ас санайды. Ал қымыз өндірісінің баяу дамуына бірнеше себеп бар. Бірақ бие сауу айтарлықтай қиындық тудырады деп айта алмаймын. Өйткені ол сиыр сауғаннан әлдеқайда жақсы. Сиыр сүтінде бактерия мөлшері сәл көбейсе, ашып немесе іріп кетеді. Ал саумалда мұндай қиындық болмайды, себебі саумал бір-екі күн тұрып ашыса да әрі қарай қымыз жасауға болады. Сондықтан қымыз өндірісінің дамымауына биенің бабы емес, халық сұранысының аздығы әсер етуде деп ойлаймын. Өз тәжірибемізден байқағанымыз, жаз мезгілінде бие байлайтын шаруа адамдары саумалды өткізетін жер таппай жүреді. Себебі тұрғындар тарапынан сұраныс болмаған соң орталықтар саумалды қабылдай қоймайды. Сауалнама барысында тұрғындардан «не үшін қымызды таңдамағанын» да сұрадық. Сол кезде көпшілігі қымыздың қан қысымына әсер ететінін айтқан. Демек қымыз аймақ халқының денсаулығына да қолайлы болмай тұр. Қымыз ішкенде адам бойына қан жүгіріп, қан қысымы жоғарылайды. Әрі қымыздың қан қоюлығының алдын алатын қасиеті бар. Алайда қан қысымына әсер етеді екен деп қымыздан бас тартудың қажеті жоқ, өйткені бұл сусынды тұрақты ішкен уақытта қан айналымы жақсара түседі.

Шымкентте шұбат өндірісі аз болған соң, олар қымызды жиі ішеді. Бір жағынан сусын ретінде, екіншіден кәсіп ретінде табыс тауып отыр. Олар қымыз құятын күбісін киікотымен ыстап, әбден баптап үйренген. Бұрын әжелеріміз «қымыздың жанынан әр адам өткен сайын төрт жүз реттен пісу керек, сонда оның жаны кіреді» деп айтып отыратын. Демек қымыздың дәмі оның бабына қарайды. Аймақта қымыз өндірісінің баяулауына әсер ететін екінші себеп – баға. Қазір орталықта бір литр қымыз мың теңгеден сатылуда. Көпшілік бұл бағаны қымбатсынып, шұбатты таңдайды, – дейді И.Сәдуақасова.

Қымызтанушы Айтуған Мұқашевтің деректеріне сүйенсек, Қазақстанда 1950 жылдан 1980 жылға дейін қымыз жаңжақты зерттеліп, емге пайдаланылған екен. Тіпті бүкіл аурухана қымызбен емдеуді жолға қойған. Ал емдік қасиеті ерекше сусынның нарықта болмауына кәсіпкер мынадай факторды алға тартады: «Бизнесті дамыту үшін әуелі ғылыми институт (менеджерлік кеңсе) болуы шарт. Тауар шықпай тұрып, бірінші маркетингтік қызметтер атқарылу керек. Ол затқа сұраныс бар ма? Бір телефон үлгісін жасап шығармай тұрып, әуелі оның жарнамасы кетеді. Бәлен миллион сұраныс болса, сол дүниені шығара бастайды дамыған елдер. Ал қазақтың қымызы жарнамадан жұрдай» дейді ол отандық басылымға берген сұхбатында. Бұл да көңілге қонымды пікір.

**P.S. Жоғарыда қымыз өндірісінің қысқаруына ықпал ететін факторларды атап өттік. Қымызы болса да, оны көпке қолжетімді қылатын өндірісі жоқ қазақтың жайы қынжылтады, әрине. Бірақ аталған себептер алдағы уақытта жолға қойылса, нарықта қымыздың дәурені жүреді деген сенім бар бізде.**

**Гүлдана ЖҰМАДИН**

# БАЛ ӨНДІРІСІНДЕГІ БЕРЕКЕ

**Аймақта нәсібін берекелі кәсіптен тауып, шаруасын дөңгелеткен еңбек адамдары жетерлік. Олардың қай-қайсысын алып қарасаң да, талай жылдық тәжірибесі, кәсіп бастаудағы табандылығы көпке үлгі. Бұл қатарда Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов ауылының тұрғыны Роллан Олинов те бар. Маңдай тері мен адал еңбегін омарта шаруашылығына арнаған оның бизнесі берекелі, шаруасы оңды.**

Соңғы жылдары Сырдария ауданында мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді пайдаланып, кәсіп бастаған тұрғындар қатары артқан. Қайтарымсыз немесе жеңілдетілген несие алып, бизнес саласына қадам жасаған олар табыс табумен қатар, аудандағы жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне ықпал етуде.

«Жания» ЖК басшысы Роллан Олинов 2019 жылы өңірлік инвестициялық орталығынан «Еңбек. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасы арқылы 1,5 миллион теңге несие алған. Ал 2020 жылы мемлекет тарапынан 2 миллион теңге қайтарымсыз грант ұтып алуы омарташы кәсібінің көркиегін кеңейткен.

Бүгінде бал өндірудің қыр-сырын жіті меңгерген Роллан Нұрланұлы 80 ұяшықта бал арасын бағуда. Жылына 3,5 тонна өнім өндіруді мақсат еткен жеке кәсіпкер балдың түр-түрін Қызылорда қаласы мен аудан тұрғындарына өткізуде. Айта кетейік, омарташының тұрақты тұтынушылары қалыптасып үлгерген. Балдың жоғары сапасына орай сұраныс та артып келеді.

– Кәсіппен айналысушыларға мемлекет тарапынан бағытталып жатқан қолдау көп. Тек ізденіс пен еңбек керек. Сондай-ақ жаңаны үйренуден жалықпау қажет. Сонда ғана кәсіптің берекесі болады. Менің мақсатым – алдағы уақытта омарта шаруашылығын отбасылық бизнес ретінде дамыту. Бал өндірісінде пайда мен береке бар, сұраныс көлемі де жыл санап артып келеді. Балдың денсаулыққа пайдалы екенін тұрғындар жақсы біледі. Сондықтан тұрақты тұтынушыларым да бар, – дейді жеке кәсіпкер Роллан Олинов.

Зерттеулерге сүйенсек, бір омартадан ондаған килограмм бал алынады. Бір келі балға айналатын гүл шырынын жинау үшін бал арасы 300 мың шақырым ұшып, сол уақыт аралығында 19 миллион гүлге қонуы керек екен. Бір бал арасы сағатына 6,5 км жылдамдықпен ұшып, бір жұмыс күнінің ішінде шамамен 7 мың гүлге қонады. Осы дерекке қарап-ақ, бал арасының еңбекқор жаратылыс екенін түсінуге болады. Ал оның бабын тапқан омарташының әр күні қаншалықты бейнетке толы екені айтпаса да түсінікті. Алайда таңмен таласа тұрып, бел жазбай тірлік жасайтын еңбек адамының әр күні берекелі болатыны рас. Содан болар халқымыз «еңбек – ырыстың қазығы» деп шаруа адамын көпке насихаттаған. Бүгінде еңбегін ел таныған Роллан Нұрланұлы да ауыл тұрғындарына жақсылықты үлгі етіп келеді.

**Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ**

# «СЫР ДӘМІНЕН» ТАТЫҢЫЗ!

**Әдетте дәмі тіл үйіретін тәттілерді пісіру кез келген адамның қолынан келетіндей көрінеді. Алайда бұл қабілетті дамытып, кондитерлік цех ашуға көпшіліктің тәуекелі жетпейтіні рас. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Самұрат Шайхыслам – Жалағаш ауданына қарасты Бұқарбай батыр ауылында «Сыр дәмі» орталығын ашқан жас кәсіпкер. Бизнес пен кондитерлік саланы бірге ұштастырған оның бұл бастамасы таңдай қағуға тұрарлық жоба.**

Жас кәсіпкердің негізгі мамандығы – педагог-психолог, алайда ол бизнес бастамас бұрын Алматы қаласындағы кондитерлік өнімдер өндіретін цехта жұмыс істеген. Арада біраз уақыттан соң туған жері Бұқарбай батыр ауылына оралған Самұраттың тәжірибесін цех ашуға бағыттап, кәсіп бастауға тәуекел етеді. Кәсіпорынның қазіргі жағдайы көңіл қуантқанмен, бәрі де алғашында оңай басталмағаны белгілі. Себебі кейіпкерімізге бұл идеяны жүзеге асыруға қаржы тапшылығы кедергі болған. Алайда қазір кәсіп бастаймын деп талпынған жастар үшін мемлекеттік бағдарламалардың көмегі көп. Мұндай мүмкіндікті тиімді пайдаланған Самұрат та «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасына қатысып,«Кондитерлік өнім өндіру» жобасын ұсынған. Тәттіге тапсырыс қабылдап, талайға қызмет көрсетпес бұрын тәжірибе жинау мақсатында Түркия мемлекетінде арнайы оқудан өткен оның бұл жобасы қайтарымсыз грантқа ие болған. Нәтижесінде досы әрі әріптесі Жамбыл екеуі «Сыр дәмі» атауымен жаңа кәсіпорынның негізін қалады.

– Алғашында менде «Ауылдық жерде өнімнің бұл түріне сұраныс қалай болады?» деген сауал болғаны рас. Десе де тәуекелге бел буып, жұмысты бастап кеттім. Қазір соның жемісін көріп отырмын. Алғашында цехта өндірілген өнімді ауыл тұрғындары таласып алды. Кейін аудан және облыс орталығындағы ірі сауда орындарынан сұраныс түсе бастады. Қазір оларды да цех өнімімен қамтамасыз етіп отырмын. Әзірге печеньенің алты түрін шығарамыз. Ал мереке қарсаңында кондитерлік өнімнің басқа да түрлерін өндіреміз. Себебі ол күндері сұраныс көп,– дейді жас кәсіпкер.

Самұрат мемлекеттік бағдарлама шеңберінде алған қайтарымсыз қаражатын кәсіпорынға қажетті түрік тәттілері мен кондитерлік өнімнің кез келген түрін дайындауға арналған арнайы аппараттарға жұмсағанын айтады. Бүгінде кәсіпорында күніне сексен келіге жуық өнім дайындалады. Әзірге цехта үш қызметкер жұмыс жасайды.

– Цехта өндіріліп жатқан печеньенің бағасы тұрғындарға қолжетімді деп айта аламын, себебі бір қорап тәттінің бағасы 1000-1500 теңгеден аспайды. Ал торттардың көлемі мен түріне қарай бағасы өзгереді. Алдағы уақытта тәттілерге тұтынушылар тарапынан сұраныс артса, кәсіпорын көркиегін кеңейту жоспарда бар. «Сыр дәмін» үлкен нарықтан көргім келеді, – дейді С.Шайхыслам.

**Г.ЖҰМАДИН**

# «БАЙ БОЛУҒА КӘСІП КЕРЕК»

**Мемлекет тарапынан түрлі қолдау жасалып, үйде отырған адамның екі қолына бір күрек ұсынылып жүрсе де, кәсіп бастауға жүрексінетіндер жетерлік. Бірі қаржылық жағынан қорықса, енді бірі өзіне сенбейді. Шын мәнінде кәсіпкерлік – материалдық жағынан ғана емес, отбасы мен тұлғалық дамуды қатар алып жүруге болатын, өзіне арналған уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ерекше сала. Біреулер үшін қосымша жұмыс болса, біреулерге негізгі қаржы көзі болуы мүмкін. Осы орайда сіздердің назарларыңызға үйде отырып бастауға болатын топ-10 бизнес түрін ұсынамыз.**

### ТӘТТІ ПІСІРУ

Егер сіз үй шаруасындағы келіншек, декреттегі ана болсаңыз, асханадағы қабілетіңіз бен тәтті тағамдар дайындауға деген құлшынысыңыз арқылы үйіңізді кішігірім кондитерлік бизнеске айналдыруға болады. Кекс, торт, капкейк, макарунс, пирогтар, міне, осынның барлығын дайындай аласыз. Оны әлеуметтік желі арқылы да сатуға болады. Басында кішігірім ассортиментке тоқталып, сол бойынша өнім бағасын белгілеңіз. Содан кейін біршама тәжірибе жинақтаған соң үлкен тойға, туған күнге, балалар мейрамына арналған торттарды дайындауға кіріссеңіз болады.

### YOUTUBE АРҚЫЛЫ ТАБЫС

2017 жылдың басында аталған сервисті қолданушылар саны миллиардтан асты. Олардың ішінде көпшілігінің жеке арнасы да бар. Біреулер үшін бұл жай ғана хобби, ал біреулерге нағыз бизнес көзіне айналып отыр. Сіз де YouTube-та өзіңіздің жеке каналыңызды ашып, әр түрлі жолмен жарнама жасау арқылы бизнеспен айналыссаңыз болады. Сіздің түсіретін видеоларыңыз қызықты, көрермен көңілінен шығатындай тартымды, лайк пен пікір жинай алатындай болуы шарт. Егер миллиондаған көрермен жинай алсаңыз, онда жолыңыз болды деп есептеңіз. Әрине, сізге бейнекамера, смартфон, монтаждаушы бағдарлама, интернет, ең бастысы креативті идея мен еңбекқорлық керек.

### КОПИРАЙТИНГ

Соңғы кезде сауда тікелей әлеуметтік желі арқылы жүретіндіктен жеке дүкендер, сауда орындары тауарларын сатпас бұрын, жеке парақшасына мән беретін болды. Бір ауыз сөз – бүкіл өмірді өзгертуі мүмкін. Сатылым әкелетін мәтін жазу да – үйде отырып ақша табуға болатын жаңа жұмыс түрі. Жазу үшін тәжірибелі филолог болудың да қажеті шамалы. Бастапқы капитал керек емес, дегенмен бойыңызда энтузиазмның болуы үлкен артықшылық болар еді. Қажетті деңгейде қызмет етіп, жақсы пайда көріп жатсаңыз, жеке кәсіпкерлік ретінде тіркелуге де болады.

### САЙТ АШУ

Бұл үдеріс айтарлықтай үлкен еңбекпен, біраз уақытпен ғана жүзеге асады. Себебі басқа бір сайтта істегеннен гөрі өзіңнің жеке сайтыңды ашу, оны ары қарай дамыту біраз тер төгуді қажет етуі мүмкін. Осы орайда сіздің оған лайық біліміңізден бөлек, жұмыстың жақсы жүруі үшін контент-менеджер, бағдарламашылар, дизайнерлер, seo-оптимизаторлар керек. Егер барлығын өзіңіз атқарамын деп шешсеңіз, көретін бастапқы капитал көлемі көп болмайды. Ал егер кәсіби мамандар көмегімен, кеңесімен жүргізсеңіз, қажетті қаражат көлемі де есептіні шарт.

### ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕН АШУ

Бұл бизнес түрі бүгінгі таңда үлкен сұраныска ие. Жұртшылықтың көп бөлігі де дүкендерді аралап жүргеннен гөрі, ғаламтор арқылы тапсырыс бере салғанды жөн көреді. Дегенмен, нарықтағы бәсекелестік жоғары екендігін ескеріңіз. Сіз сататын тауар қандай да бір белгілерімен артықшылықтарға ие болса ғана, қызмет алға жылжуы мүмкін. Алдын-ала нарықты зерттеп алыңыз. Бастапқы капитал сіздің тауарыңызға, қызметіңіздің сапасына байланысты анықталады.

### СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНУ

Аталған қызмет түрі де үнемі сұраныска ие. Курстық жұмыс, реферат, баяндама, эссе жазу, емтихан сұрақтарына жауап дайындау, есеп шығару, түрлі сызбаларды сызу, дипломдық жұмыс жазу, зерттеу жұмыстарын орындау, түрлі кеңес беру т.б. Арнайы қызмет түрлерін ұсыну үшін сіздің белгілі бір бағыттағы біліміңіздің болғаны маңызды.

Бастапқы капиталды қажет етпейді. Дегенмен, алданып қалудан сақтану үшін алдын-ала төлем немесе бөліп төлеумен келісімге отырған жөн.

### АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІ

«Қанша тіл білсең, сонша адамсың» деген тәмсілдің мәні тереңде. Себебі тіл білу қаржы көзін көбейтеді. Тілді жақсы білу – бизнес. Тек сауатты болып қана қоймай, арнайы мамандандырылған терминдермен жұмыс істей алу да маңызды. Яғни, түрлі журналдардағы мақаланы, сайттарға арналған жаңалықтарды және басқа да құжаттамаларды аудару арқылы табыс тапсаңыз болады. Егер ілеспе аударманы меңгерген болсаңыз, ірі шараларға сұраныс міндетті түрде болады. Қазақстанда қазақ, орыс, ағылшын тілін қатар меңгерген ілеспе аудармашыларға сұраныс өте жоғары.

### ТІГІНШІЛІК

Үйде отырып атқаруға болатын ең тиімді бизнестің бірі – тігіншілік. Киім қысқарту, көрпе тігу, перде тігу әрқашан сұранысқа ие. Әрине, оның сәнді, барлығына ұнамды болуы үшін кәсібілік қажет. Бастапқыда тігін машинасы мен жіп сияқты құралдар қажет. Аталған кәсіптің шығыны онша үлкен емес. Ең бастысы ынта мен қолдың шеберлігі, креативтілік қажет.

### ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР ЖАСАУ

Бұл үшін де қолыңыздан бал тамған ұста болу шарт емес. Әйел адамдарға қолайлы бұл кәсіпті бастау үшін қолдыңептілігі мен аздаған ынта керек. Түрлі бұйымдарды жасауға арналған кеңестер youtube желісінен қарап, тың идеяларды тудыруға болады. Қажетті жабдықтар мен моншақ, түйіршік тәрізді керек заттарды сататын арнайы дүкендер бар. Жасаған өнімдеріңізді әлеуметтік желі арқылы сатуға болады. Бұл үшін инстаграм таптырмас құрал.

### КӨЛІК ЖӨНДЕУ

Қазір екінің бірінде көлік бар. Елімізде 4,5 млнға жуық тіркелген көлік бар екенін де ескеру керек. Алайда техника бұзылса, жөндей алатындар аз. Жөндей алғанның өзінде оған уақыты, құрал-сайманы, жөндеуге ыңғайлы орны бола бермеуі мүмкін. Әрине, моторын ашып, кузовтық жұмыстар үшін қымбат құралдар мен арнайы жабдықталған орын керек. Егер жер үйде тұрсаңыз, есік алдыңызда отырып-ақ, жеңіл, жасалуы жылдам жұмыстарды істеуге болады. Әрине бұл үшін көліктен жан-жақты хабарыңыз болуы керек.

**Жинақтаған**
**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

# Дрон ұшырғыңыз келсе...

**Бүгінде әлемдегі жаңа мамандықтар мен дағдылардың көбейгенін көріп отырмыз. Мобилография, таргет, SMM маман секілді жаңалықтар көптің назарына ілініп, үйренуге талпындыруда. Арнайы курстар жүйесі дамып, білікті мамандардың еңбегі нәтижесінде белгілі мектептер қалыптасып үлгерді. Мұндай заманауи дағдының қатарында дрон ұшыру өнері де бар. Жақында облыс орталығынан ашылған FLYORDA дрон ұшыру орталығы Сыр жастарының да аталған жаңалыққа жаны құмар екенін, салада серпін барын тағы бір аңғартты.**

Өзгеше әсер, өзіндік қызыққа толы бағыттың Қазақстанға келгеніне де көп болмады. Алғашында әуеге ұшқан «камера» ретінде қарап, көп мән бермегенмен, кейін дронның жаңа заман өнімі екеніне көз үйренді. Салаға қызығатын энтузиаст жастардан бұрын бұл игілігі мол жаңалықты той-томалақтағы жұрт ерте сезінгендей. Олай дейтініміз, жас жұбайлардың тойында Love Story көрсету сәнге айналғалы дронның қызығы басталды. Табиғаты әсем аумақ пен жұптың жарасымдылығын көрсету үшін биіктен бейне түсіру белең алып, көптеген жас дрон қызығына кенелді. Осы арманмен құны қымбат құрылғы алып, дрон ұшыру курсына жазылу басталғаны анық.

Қызылордадағы алғашқы дрон ұшыру орталығына айналған FLYORDA-ның табысқа жетуі де сұраныс көлеміне байланысты. Ұйымдастырушылардың сөзінше, орталық құрылғанына көп болмаса да оқуға ниетті жастардың саны басым. Әсіресе, курсқа қатысуға ниет білдіргендер арасында мектеп оқушыларының қатары көп. Әрбірі болашақтың дағдысын ерте жастан меңгеріп, кәсіп көзіне айналдырғысы келеді екен.

– Қазақстанда ғана емес, әлемде танымал болған дрон – ең тиімді дағды. Олай дейтініміз, дорон өміріміздің барлық саласына терең енуде. Ауыл шаруашылығынан бастап, кәсіби фототүсірілімге дейінгі аралықта дронның көмегімен жеңіл әрі сапалы қызметтерді жасауға болады. Оның үстіне дрондарды пайдаланып, түсірудің аса бір қиындығы жоқ. Жүйелі дайындық пен білікті маманның көмегіне жүгінсеңіз, аз уақытта игеріп кетуге болады. Тек ой жинақы, сана сергек болғаны жөн. Бұл орайда FLYORDA ұжымы қажетті дағдыны тез әрі оңай игеруге септеседі деп сенемін, – дейді компанияның негізін қалаушы Мөлдір Жақсылық.



Расында, дронға қол тигізуге жүрексінетініміз анық. Басқару жайы, биіктікті жобалау, кедергілерге тап болмай, аман-сау қондыру алаңдатады. Мұны ескерген орталық мамандары талапкердің қолына бірден дрон ұстатпайды. Алдымен теориялық білімді сіңіріп, әуеде құрылғы қалықтатудың әліппесін үйретеді. Яғни, үйренуші жел бағыты, географиялық ерекшелік, дрон түріне қарай әрекет етудің алғышартын үйренбек.

Келесі кезеңде қатысушы симулятор арқылы теориялық білімді қаншалықты игергенін көрсетеді. Егер алған білімді сынақ барысында сәтті қорғаса, талаптың жартысы орындалғаны. Демек, соңғы кезеңде ғана практика жүзінде шынайы дронды пайдалануына жол ашылады деген сөз. Оған дейін үйрену, іздену жолынан өту қажет.

– Оқу курсының ұзақтығы әрқилы. Негізгі ерекшелік оқыған адамның дронды пайдалану мақсатына байланысты құбылады. Мысалы, талапкер тек дрон ұшырып үйреніп қоймай, сол арқылы фото-видео түсіруге ниетті болса, онда оқу мерзімі бір апта жалғасады. Яғни, аптасына 3 күн оқиды. Әр сабақ уақыты 2 сағат кем болмайтынын ескеру қажет. Ал жай ғана дронды ұшыру мақсат болса, онда сабақ кестесі өзгеретіні белгілі. Жалпы, қандай мақсатта пайдаланса да аталған дағдыны игеру әркімнің өз қолында. Ол үшін орталық мамандары нәтижелі жұмыс істейтін болады, – дейді Мөлдір Жарқынбекқызы.

Иә, FLYORDA орталығының қызметкерлері білікті мамандардан құралған. Көбі Алматы қаласындағы drone.kz компаниясынан аталған дағдыны меңгеріп, салада біршама жетістікке жеткен мамандар. Тіпті, қолдарында кәсібиліктің көрінісіне балаған арнайы сертификат та бар. Сондықтан, дрон үйренуде қас шеберлерден тәлім алатынына шүбә болмауға тиіс.

**P.S.** Келешектің дағдысын игеру жолында іздену – ең тиімді инвестиция. Кеңістік пен әуені зерттеуге, тануға талпынудың бір артықшылығы да осы шығар, бәлкім. Болашақты бағамдауды айтпағанда, дрон ұшыруды игеру пайда табудың қосымша әдісіне айналуы ықтимал. Тіпті, әуеге дрон ұшырып миллиондаған доллар пайда көрген кәсіпкерлер де жетерлік. Сол себепті жаңашыл бастамаға жастардың жақын болғаны қуанарлық іс.

**Берен ШАҒЫРОВ**

---

**«Қазақша бизнес» пен Қоянбаевтың дәуірі осыдан 7 жыл бұрын 2016 жылы басталған болатын. Алғаш рет Алматыда режиссер Жеңісхан Момышевтың «Бизнес по-казахски» комедиясының алдын-ала көрсетілімі өтті. Фильмнің бас продюсері – жерлесіміз, белгілі тележүргізуші Нұрлан Қоянбаев. Басты кейіпкерлердің бірін де өзі сомдайды. Шетелге барып, бизнес бастаған қазақтардың оқиғасы біреулерге бір рет көруге тұрарлық жеңіл комедия көрінсе, көрерменнің бір тобы жалғасын түсіруді сұрап жатты. Осылайша кассасы арқылы бірнеше елде «қазақша бизнестің» жалғасы коллаб ретінде түсірілді.**

Өткен жылдың соңында шыққан Үндістандағы нұсқасы – Қоянбаевтың қазақша бизнесіне деген көрермен ықыласын бәсеңдеткендей. Бұған дейін жобаның бес бөлімі жол тартқан болатын. Айта кетейік, Қоянбаевтың «Қазақша бизнес» туындысының алғашқы бөлімі елімізде жарық көріп, кейін Америка, Корей, Африка, Түркия елдерінде жалғасын тапты. Үндістандағы бизнестің ерекшелігі неде? Касса жиналады, көрермен талғамы ше?

«Біздің фильмге үнді актері Сиддхартх Шукла (әйгілі «Келін» сериалының жұлдызы) түсті. Біз Сиддхартхаға фильмге түсуге ұсыныс тастағанымызда ол өзіне Қазақстанның қатты ұнағанын, сондай-ақ бірінші рет шетелдік фильмге түскенін айтты.

Кейбіреулер «қазақша» дегенді теріс ұғып жатады. Ал менің ойымша, «қазақша» деген сөздің мағынасын қонақжай әрі кеңпейілді деп қабылдайтын уақыт жетті. Әр өңір өз менталитетімен ерекшеленеді. Сол себепті де өз менталитетіннен, болмысыннан ұялудың қажеті жоқ», – деді Нұрлан Қоянбаев.

Сонымен қатар фильмге Болливуд жұлдызынан бөлек отандық актерлер де түскен. Олардың қатарында Жан Байжанбаев, Гүлназ Жоланова, Әбунасыр Серіков, Құралай Анарбекова, Максим Акбаров, тіпті, әнші Төреғали Төреәлі де бар. Сценарий авторлары: Әлишер Утев пен Арыстан Каунев.

Жалпы кинокомедияның сюжеті бойынша, Жомарт есімді қазақ кәсіпкердің қанақүйіне ірі инвестор қызығушылық танытады. Қонақүйдің ашылу салтанатына жақындаған тұста барлық қызметкерлер жұмыстан шығып, оқиға шиеленісе түседі. Осылайша, жәрдемдесуге келген Жомарттың жақындары «қазақша бизнестің» жасалу жолын көрсетеді.

Аталған фильм желтоқсан айының 29 жұлдызынан бастап елімездің барлық кинотеатрларында көрсетілуде. 80 минуттық фильмнің жанры – комедия, шытырман. Комедиясүйер көрермен үшін бұл туындының көңілден шығары анық. Ал сыни көзбен қарайтын қоғамның сан түрлі саласындағы көрерменнің пікірі қандай?

«Шынымды айтсам, қазақша киноның фанаты емеспін. Дегенмен кинотеатрда қазақша фильмдер, қазақ авторларының туындылары жарық көрсе, міндетті түрде барып қараймын. Бұл – өзіміздің шығатын контентке, өнімге деген құрмет.

Қоянбаевтың да барлық киносын көріп шықтым. Көбіне достармен, отбасымен көруге ыңғайлы, комедия жанрындағы туынды ретінде өзінше қызықтыра алады. Сол сәтте қоғамда болып жатқан оқиғалардың, өзекті жайттардың әзіл арқылы жеткізілуі ұнайды. «Қазақ» десең, өзіне келеді дейміз ғой. Еш боямасыз, шынайы қазақтың бейнесін көруге болады. Кейде шектен тыс мақтаншақпыз, аңғалмыз. «Понт» қуғанды ұнатамыз. Осының бәрі әзіл арқылы көрініс тапқанда шын мәнінде күле отырып, өзімізге сын көзбен қарауымыз керегін ұқтырады. Үндістандағы бизнес те сондай. Бірақ осы туынды топтаманың соңғы жобасы шығар деп топшыладым. Барлық нәрсе шектен аспағанда, маңызын, мәнін сақтай алғанда ғана қызықты», – дейді Малика Жасұланқызы.

Айта кетейік, автор Нұрлан Қоянбаев Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетіне оқуға түскен ол университетті 2000 жылы бітірген. 2012-2015 жылдары қайтадан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да халықаралық қатынастар факультетінде білімін жалғастырған.

Жерлесіміз өнердегі қадамын КВН ойындарына белсенді қатысудан бастаған. «Астана.kz» (кейінірек «Қазақтар») КВН Жоғары Лигасы командасының капитаны болды. 2003 жылы Қазақстанның, 2006 жылы Ресейдің ең үздік КВН ойыншысы ретінде танылды. 2013 жылы «Qazaqstan» телеарнасында «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» ток-шоуының тележүргізушісі болса, 2017 жылы Қазақстан РТРК бас продюсерлігіне келді. Осылайша кино бизнесіне келген ол телевидение саласында талай жыл еңбек еткен.

Үздіксіз ізденісі мен шығармашылық еңбегінің нәтижесінде 2017 жылдың соңында ол Forbes Kazakhstan журналы құрған шоу-бизнес және спорт жұлдыздарының тізімінде төртінші орынға ие болды. Журналдың бағалауы бойынша оның жылдық кірісі 500 миллионнан асқан.

– «Arai city mall» орталығындағы кинотеатрдан жерлесіміздің киносын тамашаладық. Әрине, қазақша бизнес топтама ретінде жақсы туынды. Әр жолы ізденетіні, жаңа әзіл, жаңа кейіпкерлер қосатыны көрініп тұр. Алайда жекелеген кино туындысы ретінде көрермені жалықтыра бастағандай. Жалпы елімізде Нұрланға дейін де комедия ұсынатындар көп болған, бола да береді. Мүмкін, комедияның кассасы жақсы деген оймен осы жанды таңдайтын шығар. Дегенмен Қоянбаевтың 5-6 жылдағы дамуы, өзгерісі байқалады.

Бұрын ауыл мен қала, тойдың жыры сынды жаттанды тақырыптар көп еді. Соңғы жылдары қазақ киносы жаңа тақырыптарды қозғап жүргенін, көрермен сұранысына сай жұмыс істей бастағанын мойындау керек. Демек қазақша контентке сұраныс бар, көрермен қазақтың туындысын таңдайды, көреді. Алдағы уақытта Қоянбаевтан да жаңа туындылар күтеміз.

Ал Үндістандағы бизнес аса көңілімнен шықпады, – дейді Анар Жасталапова есімді студент.

Иә, қазақша бизнестің кассасы да, қаншама жұртты жинай алған сюжеті мен актерлық құрамы да ерекше сұраныста болды. «Темірді қызған кезінде сок» демекші тақырыбы бір, талқыға түсетін идеясы ұқсас туындымен көрермен көңілін суытып алмаңыз, Қоянбаев мырза...

**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

# ЖАСТАР САНЫ 5,7 МЛН БОЛДЫ

**Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов мәлімдеді.**

«Өздеріңіз білетіндей, мектеп, колледж-университет адамның таным-көкжиегінің, білімінің іргетасын қалап, белгілі бір мамандық иесі болуына септігін тигізеді. Бұл жастардың болашақта қызмет етіп, карьерасын құруына мүмкіндік жасайды. Дегенмен тәжірибесіз бәрі бірдей жұмысқа тұра алмайтынын да біледі. Осы үшін «NEET жастар» ұғымы (оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігі жоқ жастар) заңнамалық түрде бекітілген. Жастардың басым бөлігін мемлекеттік қолдау шараларымен қамту үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша олардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайтылды», – деп жазды Үкімет басшысының орынбасары.

Алтай Көлгінов жаңа әлеуметтік кодекс аясында 3,3 млн-нан астам адамды, оның ішінде 2,3 млн жасты жұмысқа орналастыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Нақтырақ айтқанда, оның қатарында ұлттық жобалар мен бизнестің жеке бастамалары аясында құрылатын жаңа жұмыс орындары, мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындары бар.

Еске салсақ, өткен жылдың соңында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

# РЕКТОР ГРАНТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған ректор грантына конкурс ұйымдастырылды. Байқауға университет бойынша 22 жоба ұсынылып, оның ішінде 6 жас ғалымның жобасы үздік деп танылды.**

Конкурс талабына сәйкес, білім ордасының 40 жасқа дейінгі ғалымдары мен 1, 2 курс докторанттары жаңа зерттеулерін ұсынды. Айталық, университеттегі «Археология және этнография» орталығының ғылыми қызметкері, PhD Ислам Құрманиязов Ежелгі Асанас, Қышқала, Арал-асар ескерткіштерінен табылған остеологиялық материалдарды ғылыми талдау және аймақтық ортағасырлар кезеңіндегі жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін зерттеу жұмысын қолға алғалы отыр.

Сондай-ақ «Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы Жарқынбек Әбікенов оңтүстік өңір тұрғындарының коммуникациялық мәдениетіндегі үдерістерді зерттеу жұмысымен айналыспақ. Ғалым Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстары мен Алматы, Шымкент қаласы тұрғындарының коммуникациялық дағдыларын басты назарға алуды жоспарлауда.

Гранттық жобаларды іріктеуде жоба тақырыбының маңыздылығына, ашықтығына, өзектілігіне ерекше басымдық берілді. Қазақ халық педагогикасындағы дене шынықтыру дәстүрлерін терең зерттеп, студенттерді патриоттық тәрбиелеу жұмысы туралы PhD Талант Бимахановтың жобасы да конкурста қолдау тапты.

# БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ - БАСТЫ МІНДЕТ

**Осы аптадан бастап аймақ мектептерінде бастауыш сынып оқушысының барлығына тегін ыстық тамақ беріле бастады.**

Осыған дейін бір мезгіл тегін ыстық тамақ тек әлеуметтік жағдайына қарай берілген болса, енді мемлекеттік мектептердің 1-4 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылды. Бұл мүмкіндік облыстағы мемлекеттік білім беру ордаларындағы – 70 863 бастауыш сынып оқушыларына беріліп отыр. Сонымен қатар әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасында тәрбиеленетін 5-11 сыныптағы 17 382 оқушы да тегін тамақтанады.

– Бүгінгі күні бір мезгіл тамақтану құны орташа есеппен 557 теңгені құрайды. Осыған сәйкес, 1-4 сыныпта білім білім алатын 70 863 оқушы, 5-11 сыныпта қолдауды қажет етеін 17 382 бала, барлығы 88 245 бала тегін тамақпен қамтылуда. Бұл мақсатта бөлінген қаржы 7,6 млрд теңгені құрап отыр, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет.

Мектептерде перспективалық маусымдық екі апталық мәзір жасалған. Ас мәзірін әзірлеу барысында оқушылардың мектепте болу ұзақтығы және балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Сондай-ақ, мектептерде қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің қатысуымен тамақтану сапасын мониторингілеу бойынша комиссиялар құрылған.

**Бетті дайындаған: А.СНАДИН**

# ПРОФИЛАКТИКА МАҢЫЗДЫ

Ең бастысы, 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер сүт безі, жатыр мойны обырын ерте анықтауға тексеруден өту қажет, оның ішінде ПАП-тест және терендетілген диагностика – бейнекольпоскопия, биопсия және гистологиялық зерттеу, бейінді мамандардан консультация алу бар.

Скринингтік зерттеулер 2020 жылдың 1 қаңтарынан бері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі қамтитын қызметтер қатарына кіреді, сонымен қатар ТМККК аясында да жүргізіледі. Зерттеулер, пациентті әрі қарай бақылау және емдеу шараларымен амбулаториялық-поликлиникалық көмек көрсететін ұйымдар айналысады, оның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем де бар.

Орайы келгенде тарқатсам, сүт безі қатерлі ісігінің қауіп факторы жоғары екенін ескеру қажет. Біріншіден, радиация, химиялық заттардың әсері орасан. Гормоналды терапияны ұзақ қолдану мен сүт безінің қатерлі ісігі даму қаупінің жоғарылауы арасында байланыстың бар екенін дәлелдейтін көптеген зерттеулер де кездеседі. Екіншіден, өмір сүру салты, яғни артық салмақтың пайда болуына, қант диабеті, гипертонияның дамуына әкелетін әлеуметтік деңгейді жоғарылату деген түсінік маңызды рөл ойнайды. Технологияның дамуымен тұқымқуалаушылыққа бейімділікті анықтау да мүмкін болды. 10% жуық жағдайда тұқымқуалау факторы маңызды рөл атқарады. Яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін ген болады. Бір отбасында, мысалы әжесі мен анасында сүт безінің қатерлі ісігі болса, онда қызы да жоғары қауіп-қатер тобында болатынын көреміз. Зертханаларда BRCA1 мен BRCA2 геніне сараптама жасауға болады. Бұл – сүт безінің қатерлі ісігіне бейімділікті анықтауға арналған генетикалық сараптама, яғни әйел сүт безі немесе аналық бездерінің қатерлі ісігі дамуының жоғарылауы осы генге байланысты болғандықтан, бұл геннің бар-жоғын біле алады.

Ісік ерте кезеңде анықталмайды, ауру сезімі, түйіндер, бөлінділер болмайды, әйелді ешнәрсе мазаламайды. Сондықтан 40 жастан бастап скринингтен өту, маммография жасау қатерлі ісікті ерте кезеңінде анықтауда маңызды екенін ескеру қажет. Профилактиканы ұмытпаңыз!

**Ж.ҚОЗТАЕВА, облыстық онкология орталығының, I санатты дәрігер-рентгенологы**

**Әрбір адам денсаулығына ешқандай шағым болмаса да скринингтен міндетті түрде өту қажет. 30-39 жас аралығындағы әйелдер мінез-құлық қауіп факторын ерте анықтау мақсатында скринингтен өтеді. Темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, дене белсенділігінің төмен болуына немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты пациентке салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану жөнінде ұсынымдар беріледі. 40-тан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Бұл ретте қан қысымының, холестеринның, қан глюкозасының деңгейі және дене салмағының индексі анықталады.**

# ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

**Апта жаңа өзгерістермен басталды. Енді 1 қыркүйектен бастап 10-11 сынып оқушылары бір мезетте мектепте де, колледжде де оқи алады.**

Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен ол пилоттық жоба ретінде қосылады. Туске дейін мектепте сабақ оқып жүрген оқушы түс қайта кәсіби білім беретін арнайы оқу орнында білім алуға құқылы. Оқушы мамандықты өзі таңдайды. Бұл бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі. Экспериментті білім беру алдағы екі оқу жылында тәжірибе ретінде қосылмақ. Қазір әр өңірден тек екі кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарымен келісім жасалды. Олар 16 мамандық бойынша жұмысшы мамандарды дайындайды. Колледждерде қосымша білім алатын бала саны 15-тен аспауы керек. Жұмысшы мамандығын алған әрбір шәкірт кәсіптік-техникалық оқыту ұйымының дипломын алып шығады.

Сонымен қатар Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қазақстанда білім гранттарын бөлудің жаңа механизмін таныстырды. Онда түлектердің ҰБТ-дан жинаған баллдарына орай оқу ақысына жеңілдік пайыздық көрсеткіште бекітіледі. Министрліктің ұсынысы бойынша гранттарды бөлу үш санаттан тұрады. Біріншісі «Қамқор» деп аталады. Мұнда ҰБТ-да 50-ден 74 баллға дейін жинағандар өтініш бере алады. Оның мөлшерінде білім беру құны 30-дан 50%-ға дейінгі жеңілдікте болмақ.

Келесісі – «Негізгі» пакет. Мұнда 74-120 баллға дейінгілер өтініш тастай алады. Мұнда жалпы ұлттық оқу ақысының 100% жабылады. Ал тестілеуден 120 балл жинаған түлектерге жоғары «Дарын» гранты берілмек. Дегенмен, бұл грантты ұтуға тек қана ҰБТ ұпайлары емес, сонымен қатар республикалық, халықаралық олимпиадалар мен жарыстардағы жетістіктері ескерілетін болады.

«Ең дарынды студенттерге жоғарылатылған грантпен білім алуға мүмкіндік беріледі. Университеттер осы дарынды студенттер үшін бәсекелесуі керек. Себебі олар грант құнынан 120-150% деңгейінде көбірек ақша әкеледі. Бұл тәсіл қазір пысықталуда. Биыл жүзеге асырылмақ», – деді Саясат Нұрбек.

# БІЛТЕШАМНЫҢ ЖАРЫҒЫ

**Электр жарығы тартылады екен деген хабар ауыл ішін лезде кезіп кетті деп өтірік соқпай-ақ қояйық. Оны елден бұрын естіген Көлбай еді. Жақында ғана СПТУ-ды бітірген. Қатарластарының бәрі трактор, агроном, сварщик сияқты сұраныққа ие мамандықтарға тапсырғанда, жұрттан дараланып монтердің оқуын оқыған.**

«Ауылда тым құрыса өлімсіреп те тұрған свет жоқ, атаңның басына монтер боласың ба» деп әкесі сыбап жүрді. Ауылдастар одан баяғыда теріс айналған. Мүсіреттің баласынан электрик шыға ма десейші әуелі депті. Мүсірет армияда болған жылдары ток жалғап,ептеп абырой жиған көрінеді. Тіпті сонысын дәлелдейтін сурет те бар. Сірә, Көлбай соны көріп алып шабыттанған сияқты.

Аудан әкімі «ауылыңа свет жүргіземіз, қолының ебі бар біреуді ертіп, тез жет» деген кезде әкім Отарбайдың есіне осы Көлбай түскен. Ауданнан аяғы талып жаяу келген Көлбай осылай да осылай деп әкесіне айтыпты да, бір кесе айранды төңкеріп сап, қор ете түсіпті. Мүсірет лапылдап ала жөнелетін адам емес. Түстен кейін, оның өзінде құрдасы Құсбаймен кездейсоқ ұшырасып қалады да, әлгіні айтады. Свет тартылады екен деген аңқарма жаңалықтың осыдан кейін ғана бағы ашылып, кеш батқанға дейін ауылдың бүкіл сай-жыра, қоныс-қолатына дейін жетіп болыпты. Ауылда қуанбаған адам қалмады. Самаладай жарық тап бүгін төрінде жарқырап тұрғандай, шуылдасып жатыр.

Әшейінде, әрі майды үнемдеп, әрі азанда малға тұратынын ескеріп, кешкі 9-да төсекке бас қоятын ауыл сол күні кеш жатты.

Түгелбай да кеш ұйықтады. Бірақ қуанғаннан емес. Жағдайдың дәл бұлай басқаша реңк ала жөнелгенінен шошып, уайымдап, келешегіне аландап жатып, таңға жуық көзін ілдірді. Түкеңнің түн баласы көз ілмейтіндейі бар еңді.

Бурылсайдың бауырын мекендеген жүз шақты түтін туғалы тас қараңғыда отырған мекен. Жұрт күнде кешке тақау май шамдарының шынысын газетпен сүртіп, ішіне жермайды толтырып сақадай қып қоятын. Кешкісін малын қамап, бақшасын суарып келген ағайын асқа отырар сәтте әлгі шам да жағылады. Өзінің жарығы зор. Сап-сары болып бөлменің ішін түгел қамтып тұрады. Қабырғадағы абажадай көлеңкелер азайған соң балалар жағы сабақ оқуға қамданады. Жаңа ғана ас ішілген дастарханды шешей сүртіп, тазалап, үстіне таза газет төсеп, енді кішкентайлар май шамды дөңгелей жағалап отырады...

Ауылда жарықтың жоғы Түгелбайдың есебін түгел етіп тұратын. Аудандағы көтерме базарда тұратын немере ағасы Әбсадықтан керектің бәрін арзанға алады да, ауылға әкеліп саудаға шығаратын: шамның түр-түрі бар – білтешам, екі түтікті шам, керосин шам, мөржелі шам, балауыз шам бәрі сөреде сыңсып тұр. Шамды тұтатып отыруға аса керек сіріңкенің де түр-түрі менмұндалайды. Түрлі түске боялған, көз тартатын шырпы қорапшалар алмасыңа қоймайды. Қала берді Түгелбай шамға құятын жермай мен керосиннің де бірнеше түрлісін бөлек қоймада сақтап отырады. Сұрай келгендерге оны да өлшеп құйып береді. Саудагер неме жерге бір тамшы тамызбай сыздықтатып құйып, жылпылдаған қолымен көністірдің сыртын дымқыл таза шүберекпен бір тазалап өтіп, қақпағын мың қайтара бұрап ауылдастың қолына ұстататын.

Алда-жалда жерге бір тамшы май тама қалса онда жеті атасына жеткізіп сыбайтын. Кімді дейсіз бе? Кімді болса соны. Жақын манда кім жүр, соның бәрі Түгелбайдың қаһарына ұшырап шыға келеді. Көзіне кім ілінсе соны сыбайды. Анау қырда қойын өргізіп тастап, сырт киімін жастанып ұйқыны соғып жатқан қойшы да Түгелбай боқтығының арасында жүреді. Түгелбай өзі не ешкімнің мәу деп қарсы келмесін білген соң сыбайды да. Түкірігі жерге түспей тұрған Түгелбай емес пе!

Ол ауылдағы кез келген адамға қарызға не май, не шам бермей қойса бітті емес пе, сол үй су қараңғы қалсын.

Ал Түкеңнің өз үйінде ең керемет білтешам бар. Тұтқасы қалың әрі биік, конфоркасы да отты, кең, жалпақ матасы лаулап жанып, сәулесі бір бөлмеден артылып келесіне еркін жетеді. Күні бойы саудасын жүргізіп, ақша санайымын деп сұқ саусағын бірнеше мәрте жалаған Түгелбай кешке тақау есебі түгелденіп, масайрап, керосин шамның жарығымен газет оқып жатады.

Түгелбаймен бұл ауылда ешкім тең дәрежеде сөйлесе де алмайды. Тек әкім, шойын қара Отарбай мен мектеп директоры Жұманмен жақсы сыйлас. Сосын Құсбаймен санасады. Соның ескі мәшинесімен тауар тасиды. Тіпті серіктес деуге де боландай. Соңғы бір-екі жылдан бері Бурылсайды былай қойып, көрші ауылдарды да екеулеп қамтуға көшкен. Құсбайдың сауданың бұл түрінен хабары жоқ. Тек далаңдаған шопыр. Соның өзі көңіліне медет. Ал Түгелбай қалғандарына шекеден қарап, сыртынан әсектеп, анша-мұнша менсінбей отырады. Онымен қоймай әлдебір ортада өзі және аталары туралы әңгіме бастап, бір жанса лапылдап қоймай тұрып алатын үйіндегі шамның жалпақ піптесі сияқты жақын арада сөзі де таусыла қоймайды.

– Мына біз өзі Әліпбектен тараймыз ғой, сол түп атамыз уағында қорасына төрт түлік малды түгел қамаған, ақ май жеп, сары сорпаны өлшеусіз ішкен бай болған екен. «Байлық – Тәңірден» дейді ғой молдалар. Құдай да байлықты сүйген құлына береді де, – деп айналасына өңменді, көзінің қиығымен қарайды. Ондай да өңшең «Құдайдың сүйген құлы бола алмай қалған» бейшаралар әлбетте деп дауыстай қостап, құдды Әліпбектің байлығы бұларды да жарылқап отырғандай жамырай кететін. Түкеңе де керегі осы ғой. Одан әрі маңғазданып, одан әрі асып-тасып сөйлей түседі.

– Төртінші атам Сәбитхан, мынау Көкше жақта ауыл старшинасы болды, кейін сұлтандыққа дейін көтерілді, – деп Түкең әңгімесін әрі қарай сабақтайды, – Атамыз тіпті болыс та бола жаздаған екен. Бірақ ол заманда да қазақтың қараулығы, көре алмастығы қалған ба?! Біресе байсың деп бетіне салық қылып, біресе қарсыласы әскери губернатормен ауыз жаласқан бәле ме, әйтеуір алға түсіп кете беріпті.

Осылай өз әкесі Құттыбайға дейін олардың игі қасиеттерін түгел тізбелеп, қандай байдың тұқымы екенін, қазір өзі де сол байлықты шашауын шығармай ұстап отырғанын жеріне жеткізіп айтып бір-ақ тоқтайтын. Түкең әрі қарай да көсіле берер ме еді, дүкеніне кеп тұрған адамдарды ойлап жәймендеп үйіне қарай аяңдайды.

– Бұл өзі қатынына да сенбейді, – деп қатындар жағы пыш-пыш ететін.

– Бүкіл ақшаны уысынан шығармайды, көрге де ала кететін шығар, – деп күңкілдейді енді бірі.

– Түгелбай болмаса қараңғылықта қалғанымыз қалған еді. Қалай сөйлесе де жарасады, – деп тағы бірі қостай сөйлейді.

Сөйткен Түкеңнің дәурені де түгесілген сияқты.

Мазасыздықтан ертесі де арылмады. Шам сұрап, керосин сұрап келгендерге де сарандау жауап қайтарып, сылбыр қимылдап жүрді. Бәрі мұны табалап, мысқылдап тұрған сияқты. Адамдардың бетіне де тура қарай алмай, қарадай әбігерге түсті де қалды. Олар да қырсыққанда үндемейді. Сөзді өзі бастайын десе, «е, ауылға свет тартады дейді, сенің күнің не болады екен енді» дей жөнелетін сияқтанып, тартынып қалады.

Әшейінде дүкеннің ішін бір тазалап, шамға салынатын білтені жалпақ матадан қиып, даярлап, шыныларды бір-бір сүртіп, орталай бастаған көністірлерді бөлек жиып, тыным таппай жүруші еді. Соның біріне де ынта болмай, сүмірейді де қалды.

Басым жерге жеткенше өз беделімді өзім сонша басып, о несі ей деп серпілмекші болады. Бірақ көше-көшеде жүріп жатқан жұмыстарды көреді де, ауыр мұң қайта иектейді. Бұрынғы бағаналар жарамсыз көрінеді. Аудан токтарды жалғап тұратын бағаналарды өткен аптада толығымен жіберген. Енді соны бір топ адам күн сайын әр көшеге орнатып жатыр. Трансформатор тура Көлбайдың үйі тұсынан, сайдың етегіне түсетін болыпты.

– Алда-жалда свет өше қалса, барып жөндегеніме оңай болады, үй жаққа қойындар, – деп Көлбайдың өзі айтыпты.

– Әдетте трансформатор әкімдіктің қасында тұрушы еді, бұл қалай болар екен дей берген аудан өкіліне:

– Онда сол трансформаторды әкім өзі ашып-жапсын, бұзылса жөндесін, менің ештеңеге қатысым жоқ ендеше, – деп қолын бір сілтеп қорасына жөнеле беріпті.

Маңдайларына біткен жалғыз электриктен айырылып қалу оңай дейсің бе? Әкім Отарбайдың өзі кірісіпті сосын:

– Көлбай айналайын, ашуланба енді. Қатып қалған заң жоқ қой, туге. Сол трансформаторды зал тамыңа кіргізіп қойсаң да менің зәредей қарсылығым жоқ.

– Ә-ә, міне, әңгіме деген осындай болса керек, – дейді Көлбай қайта жайдарланып.

Мұның бәрі Түгелбайға жетпей тұрмайды. Баяғы табанының астына түсе жаздап, етегіне оратылып жүретін адам жоқ. Бейшара адамдар, бұл тіпті заттарын екі, үш есе қымбатқа сатса да, ләм демей ала беруші еді (ала бермегенде қайтсін енді). Той мен аста төр де Түгелбайдыкі. Әңгіме де Түгелбайдыкі. Түгелбай бар жерде әкімің мен директорың адам санатына іліктейді де. Іліксе Түгелбайдың жамбасы көтерілген соң ілігеді. Енді көрмейсің бе заманның қалай аунап түскенін. Шынымен, свет тарту басталғалы бері мұның дүкеніне келетін адам да сиреді. Сірә, бұған жеткен, Шабанбай айтты екен деген әңгіме рас болғаны да.

– Әне-міне электр жарығына жетеміз, оған дейін тас қараңғыда қанша күн отырсақ та отырайық. Түгелбайдан тәуелсіздік алу үшін бұл азапқа да шыдайық, – депті құрдасы Құсбайдың 50 жылдығында отырып.

Қазір Түгелбай мұндай дастархандардан да аяқ тартқан. Жоқ, шақырмады емес, шақырды. Бірақ Құсбайдың ортаншы баласы дарбазаның сыртында тұрып «әкем келсін деп жатыр» деп міңгір етті де, есегін тебініп тайып тұрды. Мұның баяғы дәуірі болса ғой, арсаландап Құсбайдың өзі келер еді

– Сөнсе анда-санда бір сөнер. Сауданы қойшы. Мен сауданы ойлап отыр дейсің бе? Қараптан қарап мына Көлбай дейтін құмырсқадай бала абыройдан айырып отыр емес пе?

Кемпірі шынымен шошып кетті енді.

– Абыройдан айырғаны несі, шал ау? Сенің абыройыңдай абырой жоқ қой бұл ауылда. Қанша жыл ауылды асырадың? Бәрі сені сыйлайды. Немене осылай жата бермекпісің. Басыңды көтеріп, еркін жүр. Біреу тоныңды шешіп ала ма, немене?

Жүре алмады. Кемпірінің дем беруімен көшеге шығып, арлы-берлі кезіп, ел-жұртпен әңгіме соққысы келіп көрген. Болмады. Сорайған, сорайған бағаналар мұның еңсесін басып, демін тарылтқандай, бұ жүрісі өзіне жайсыз көрініп, ақыр соңында жүрегі лоблып кетті ме, үйіне өрең жетті. Айтпақшы, Құсбайдың қорасын айнала бере, Көлбайды көріп еді, су жаңа электрик мұны екі аяқты пенде екен ау деген жоқ. Сәлемдесті деуге де, сәлемдеспеді деуге де келмейтін бір түсініксіз рәсім жасады да, өз жұмысымен бола берді.

**Абай АЙМАҒАМБЕТ**

*Басы. Соңы келесі санда*

# ЖЕТІСТІК БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТАН БАСТАЛАДЫ

**Қазақстанда орта есеппен халықтың 35%-ға жуығы спортпен шұғылданады. Маңғыстау, Атырау және Ақмола облыстарының көрсеткіші жоғары. Ең төменгі көрсеткіш Астана, Алматы және Шымкент қалаларында тіркеліп отыр. Бұл ретте Премьер-министр Әлихан Смайылов үкімет отырысында 2025 жылы спортпен айналысатындардың үлесін 50%-ға дейін жеткізу керегін айтқан болатын.**

«Осы мақсатта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шамамен 21 млрд теңгені кәсіби спорт түрінен алып, бұқаралық спортқа қайта бағыттадық. Оның 6 млрд теңгесі мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыруға жұмсалды. Мемлекеттік тапсырыстың арқасында мыңдаған бала спорт секцияларына тегін баруға мүмкіндік алды.

Секцияларға кететін шығындар бюджеттен төленеді. Өткен жылы республика бойынша 162 мың бала осындай мүмкіндікке ие болды. Ал биыл 275 мың бала қамтылады,– деді Әлихан Смайылов.

Бұған қоса жауапты министрлік шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесінің әрі қарай қалай өрбітінін түсіндірген еді.

«Ауылдық жерлерде спорттық іс-шаралар мен секцияларды ұйымдастыруға жауапты 3 064 жаттықтырушы жұмысқа алынды. Жастарды спортқа тарту үшін өткен жылы баскетбол, волейбол, футзал, қазақша күрес, үстел теннисі сияқты спорт түрлерінен мектепішілік және студенттер арасында ұлттық лигалар өтті. Білім беру жүйесінің барлық деңгейінде дене шынықтыру пәнінің ұстаздарына сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы тағайындалды. Бұл ретте 30 мыңнан астам дене тәрбиесінің мұғалімі қамтылды. 2022-2024 жылдары аталған мақсатта аймақтарға қосымша 21 млрд теңге бөлінеді», – деген еді Премьер-министр пікірін жалғап экс министр Дәурен Абаев.

Оның дерегінше, балаларды қосымша спорт секцияларымен, үйірмелермен қамту 73 пайызды құраған.

«Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесі мен білім беру ұйымдарындағы секциялардан бөлек, балалар мен жасөспірімдерді оқытатын спорт мектептерінде тағы 386 мың бала білім алуда. 2022 жылы қаржыландырудың жалпы көлемі 123,7 млрд теңгені құрады», – деді экс министр.

Ендігі кезекте өңірдегі ахуалға ойыссақ. Бүгінде жасөспірімдер үшін Қызылорда қаласындағы барлық спорттық нысандардағы секцияларға тегін қатысуға мүмкіндік қарастырылған. 4-17 жас аралығындағы балалар спорттық секциялардың барлық түрі қолжетімді. Деректерді парақтасақ, «Мұз айдыны» спорт кешенінде 615 бала грек-рим күресі, көркем гимнастика, шайбалы хоккей, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, волейбол, баскетбол сынды спорттың 7 түріне тартылған. Ал «Тарлан» спорт кешенінен облыс намысын республикалық жарыстарда қорғаған көптеген жоғары дәрежелі спортшылар шыққан. Мұнда балаларды баптау үшін 3 жаттығу залы қаралған. Бокс, таэквондо, пауэрлифтингтен 300-ден аса спорттшы шұғылдануда. Сонымен қатар «Нұрым» жеке спорт кешенінде балалар каратэ, қазақ күресі, дзюдо, таэквондо сынды спорт түрінен шынығып келеді.

Сөз соңында үлкен спорттағы жетістіктер бұқаралық спорттан бастау алатынын айта кеткен жөн. Спортпен шұғылданатын балалардың қатары көбейген сайын кәсіби спортқа барғысы келетіндердің саны да арта түседі, дені сау, қуатты ұлттың негізі қалыптасады. Бұл саланы дамыту қағидаттары мен тәсілдері Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрініс тапқан.

# СКИБОБ, БОССАБОЛ, ДЖАЙ-АЛАЙ: ҚЫЗЫҚТЫ 5 СПОРТ ТҮРІ

**Әлемдегі ең танымал спорт түрі қандай? Бұл сұрақ спорт журналистерін ғана емес, қарапайым халықты да қызықтыратыны сөзсіз. Оның үстіне көптеген ойындар көзге бір қарағанда жат әрі оңай көрінуі мүмкін, дегенмен олардың ережелері өте күрделі. Бүгін сіздердің назарларыңызға қызықты және ерекше спорт түрлерін ұсынамыз.**

**Джиббинг**

Джиббинг – ағаштан, металдан арнайы дайындалған фигуралар үстінде секіру, сырғанау ойыны. Бұл ойын үшін арнайы беткі жағы сырғып кетпейтіндей, ойықтары бар арнайы аяқ-киімдер қолданылады. Бүгінде бұл спорт түрлеріне ролик тебу, скейтбордта, сноубордта ойнау жатады және жарыстар бар. Бұл ойын барлық маусымға ыңғайлы. Қыста шаңғымен және сноубордпен сырғанауға болады. Джиббинг – Американың жаңа мектептерінде ең көрнекті пәннің бірі.

**Херлинг**

Бұл спорттық ойын Ирландияда өте танымал. Ойынды қалай сипаттауға болады? Бұл бейсбол, хоккей және футбол ойындарының бірігуінен шыққан. Ойында допты қарсыластың қақпасына тастау үшін арнайы қажет таяқтарды пайдаланады. Ең көп ұпайға ие болған команда жеңіске жетеді. Ойын 2 мың жыл бұрын пайда болған. Ирландияда мереке болған кезде бұл ойынға бірден 100-200 адам, ал кейде бұданда көп адамдар ойнайды. Бір ойын кейде бір күннен артық уақытқа созылады.

Бесінші ғасырда Ирландияда херлинг таяқшасы мен добы адамдардың өліміне, жарақаттануына себеп болды. Ағылшындар XII ғасырда Ирландияны басып алғаннан кейін бұл ойынды ойнауға тыйым салған. Алайда ел ойынның дамуына нұқсан келтірмеді. XVIII ғасыр хёрлинг ойынының алтын ғасырына айналды. Көптеген жерлер осы ойынды ойнай бастады.

**Бузкаши**

Моңғол елінің жауынгерлерін дайындау мақсатында пайда болған «Бузкаши» ойыны – «Көкпар» ойынына ұқсас келеді. Қазіргі таңда Тәжікстан және Ауғанстан аумағында кеңінен тараған. «Бузкаши» сөзі, «буз» – ешкі, «каши» – қашу, алып қашу деген мағына береді. Ойында жылқы мен серке пайдаланылады. Яғни ойыншылар жылқының үстіне мініп, серкені алаңның екі шетінде орналасқан қазанға салу керек. Ойын екі кезеңнен тұрады және ойын арасы 20 минуттан. Көкпар ойынынан ерекшелігі – серкенің артқы сирақтарын кеспейді, тіпті кей аймақтарда серкенің төрт сирағын да бүтін қалдырып, көкпар тартады.

**Шахбокс**

Шахбокс – 2003 жылы, яғни XXI ғасырда пайдаболған жаңа спорт түрі. Бұл ойын шахмат пен бокстың қосындысы. Шахбокстың концепциясы Энки Билалдың «Froid-Equateur» роман-комиксіне негізделіп жасалған. Кейін Ипе Рубинг бұл қиялды шынайы іске асырды. Ойын 11 раундтан тұрады. Шахматта әр ойыншыға 12 минут беріледі. Бір шахмат раунды 4 минуттан, ал бокс раунды 3 минуттан болады. Жеңімпаз ойында болған нокаутқа немесе мат қоюға байланысты анықталады. Шахмат ойынында тең түсіп, бокста нокаут болмаса, онда бокстағы ұпай санымен жеңіс беріледі. Егер бокста теңдей түсіп қалса, онда қара фигурамен ойнаған ойыншы жеңімпаз атанады.

**Скибоб**

Бұл – қысқы спорттың ең қауіпті түрі. Скибобтың ерекше ережелері бойынша жоғары биіктіктен төменге түсу керек. Алайда шаңғы немесе сноубордпен емес, велосипед тебуіңіз басты шарт болып табылады. Экстремалды спортты жақсы көретін көптеген адамдар осы ойында бағын сынап, қатысып жатады. Бұл спорттың пайда болғанына шамамен 100 жыл болды.

## ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР

**Қала әкімі Асылбек Шаменов халыққа қызмет көрсету саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты азамат, іскер ұйымдастырушы Бердіхан Исматуллаевты еске алуға арналған дәстүрлі облыстық шағын футбол турнирдің ашылу салтанатына қатысты.**

Бердіхан Лесханұлының туыстары мен достары, әріптестерінің ұйымдастыруымен биыл 5-ші мәрте жалауын көтерген доп додасында 40 жастан асқан әуесқой ойыншылар бақ сынады. Еңбек ұжымдарын достыққа, бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын ұстануға ұндейтін дәстүрлі турнирді ашып берген қала әкімі атпал азаматтың өнегелі өмір жолын тілге тиек етіп, жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

– Б.Исматуллаев өз ісінің білгірі еді. Халыққа қызмет көрсету жұмысында көпке үлгі болып, қажырлы еңбек етті. Бүгін сол білікті басшыны еске алуға арналған ашық турнир ұйымдастырылып, ХҚКО-ның аймақтағы қызметкерлері қатысып, жақсы ойын өрнегін көрсетуде. Ең бастысы, турнирдің дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқаны, – деді қатысушылар.

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ТОП ЖАРДЫҚ

**2022 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы тоғызқұмалақтан топ жарды.**

Үш жыл қатарынан өңір бірінші орынды бермей келеді. Былтырғы жыл қорытындысы бойынша Қызылорда тоғызқұмалақшылары ҚР чемпионаттарынан 21 алтын, 11 күміс және 14 қола медаль алса, Әлем, Азия кубоктары мен чемпионаттарынан 3 алтын, 6 күміс, 3 қола медаль иеленген. Облыста 1000-ға жуық спортшы ұлттық спорттың осы түрімен кәсіби айналысады, 25-тен аса спортшы Ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп, ел мәртебесін асқақтатуда.

Айта кету керек, 2020 жылдың соңында тоғызқұмалақ ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енді.

## ХАБИБ ММА ӘЛЕМІМЕН БІРЖОЛАТА ҚОШТАСАДЫ

**Жеңіл салмақта UFC-дің бұрынғы чемпионы Хабиб Нурмагомедов ММА әлемімен біржолата қош айтысады.**

Мәліметтерге сүйенсек, Хабиб бапкерлік қызметін тастайды. Десе де саясатқа ауыспайды. Қазір ол Дағыстанда өмір сүріп жатыр. Хабиб Нурмагомедов 2020 жылы Джастин Гэтжиді жеңгеннен соң мансабын аяқтаған еді. Шетелдік БАҚ оның мансабын жалғастыратыны туралы бірнеше мәрте жазды.

Атап өтсек, Хабиб 1988 жылы Сильди атты дағыстандық ауылда өмірге келген. Кішкентайынан Ресейдің еңбек сіңірген бапкері, күрестен спорт шебері Абдулманап Нурмагомедовтың қол астында жаттықты.

Бетті дайындаған: А.СНАДИН

# ӘЖЕДЕН ҚАЛҒАН ӘЗ ӨНЕР

**«Жан аямай кәсіп қыл» деген Абай сөзіне сүйенсек, соңғы жылдары кәсіп қылам дегеннің де, кәсіпкер болам дегеннің де жолы ашық. Өңірде кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп келеді. 2022 жылдың басынан бері аймақта 12 мыңнан астам азамат жаңадан бизнес бастаған. Соның ішінде жастар жағы тың бастамаларды қолға алып, жаңашылдыққа бет бұруда.**

Аудандардағы кәсіпкерлер облыс орталығы мен басқа қалалардан тапсырыс қабылдап жүргені жасырын емес. Қазалылық кәсіпкер, бүгінгі кейіпкеріміз Мархаббат Асанова – атадан балаға мұра боп келе жатқан қолөнерді жалғастырушы. Арада қанша жыл өтсе де, кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге жалғасып, өлмейтін өнер – қыз жасауы, күнделікті тұрмыс қажеттіліндегі көрпе-төсек тігу.

Мархаббат жеке кәсіпкер ретінде қыздардың жасауына заманауи түстермен, өрнектермен құрақ көрпе-төсек тігіп келеді. Жас болса да өз ісінің нағыз шебері. Мектеп бітірген соң Ақтөбе көлік-коммуникация және жаңа технологиялар колледжін бітірген ол әуелі Қазалы қаласындағы №8 кәсіптік мектепте инженер-педагог ретінде қызмет атқарса, бірнеше жыл салып, жеке кәсіп ашуға ниеттенген. Кәсіпкерлік саласына қызығушылығы жоғары ару өз мақсатын жүзеге асыруға бекініп, оң-солын, артықшылығы мен кемшіліктерін зерттей бастайды. Тігін өнеріне деген махаббаты мен табандылығы, оған қоса мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға деген оң көзқарас талабын ұштай түсті. Осылайша кейіпкеріміздің кәсібі де алға басты, мемлекет тарапынан қолдау да жасалды. Ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламасымен мемлекеттен екі мәрте несиеге қол жеткізді.

Алғашында Астана қаласындағы «Сырлы саусақ» сән үйінде тігін курсын оқып, тігінші сертификатын иеленген жас кәсіпкер Ақтөбедегі «Құрақ өрлеу» сән үйінде білімін жетілдірді. Қазір алған білімін тәжірибемен ұштастыруда. Бастамасы жеміссіз емес. Мархаббаттың икемді саусақтарымен дайындалған қыз жасаулары мен тіккен көрпе-төсегі облыс көлемінде үлкен сұранысқа ие.

Ниет етіп, мәндай терін төккен мақсатына жетпей қоймайды. Оның дәлелі – Мархаббатың тағы бір идеясын жүзеге асырып, Қазалы қаласында «Мархаббат» қолөнер орталығын ашуы. Орталықта қыздар мен үйде отырған жас келіншектер жастық, көрпе және ұлттық өрнектермен байланысты басқа да буймдарды тігуді үйренеді. Бастысы тек қолөнер шеберлігін ғана емес, сонымен бірге еңбекті сүюді, алға қойған мақсаттарына қалайда қол жеткізуді, табандылықты, шыдамдылықты ұштап шығады. Сонымен қатар Мархабат алғашқы күннен бастап қыздарға жеке сабақ өткізуде.

«Мархаббат» қолөнер орталығы алғашқылардың бірі болып «Jas project» бағдарламасы аясында байқауға қатысып, бір миллион теңге көлемінде грант иегері атанды. Қолөнершінің айтуынша, бұл ақшаның 80 пайызы оқу құралдарын, қажетті материал мен тігін машиналарын сатып алуға жұмсалған.

– Кәсіпкерлікке 20 жасымда келдім. Оңай болмады, әрине. Отандық өнімге сыншы көп. Құлап қайта тұрған күндерім әлі есімде. Осы жылдар ішінде бизнесімді өрлету үшін басымнан түрлі қиындық та өтті. Бірақ мойығаным жоқ. Менінше, қиындықтан қашпай, барынша алға ұмтылу керек. Еңбек бәрін жеңбек! Әрине, осы тұста тәуелсіз елде өмір сүрудің өзі жаңа мүмкіндіктер сыйлайтынын айтқым келеді. Тәуелсіздіктің құрдасы ретінде жас ұрпақты ұлттық өнімді қолдап, елдің дамуына үлес қосуға шақырамын.

Есім кіргелі бері тәуелсіздік құрдасы екенімді біліп, оны терең сезініп өстім. «Тәуелсіздік алған жылы өмірге келгенсің» деген сөз тек мереке қарсаңында емес, күн сайын санамды сәулелендіріп, отансүйгіштігімді арттыра түседі. «Елім үшін» деген тебіреніс бойымды кернеп, «тағы нендей еңбегімді сіңірсем екен?» деген ізденіспен жүремін. Алар асуымыз, жетер жетістігіміз алда, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, Мархаббат құрақтың 50-ден астам түрін ұсынады. Оларды тұтыну қажетіне қарай түрлі өлшемде, түсте жасауға болады. Ең бастысы, тұтынушы талғамы назардан тыс қалған емес. Бұл өнер Мархаббатқа әжесінен қонған екен. Әже жолын жалғаған жас кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілейміз!

**Дина БӨКЕБАЙ**

# КӘПБАЛАЛЫЛАР ҚҰНДЫЛЫҒЫ: ӘКЕНІҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

**Соңғы уақытта әкенің отбасы институтындағы рөлі, әке тәрбиесі тақырыбының маңызы бәсеңдегендей. Себеп – патриархтық үлгідегі отбасы заңдылығы бойынша балаларды тәрбиелеп, бағып-қағу ананың парызы деген түсінікте. Алайда көзге түсе бермейтін көпке үлгілі әкелер де баршылық. Әсіресе, көпбалалы жалғызбасты әкелердің барын жасыра алмаймыз. Жас болса да, отбасын да, қоғамдағы қызметін де қатар алып жүрген көпбалалы әкелер жетерлік. Жас әкелердің жағдайы қалай? Бала тәрбиесіне әкенің араласқаны дұрыс па?**

Жалпы көпбалалы отбасылардың, көпбалалы аналардың мемлекет назарынан тыс қалмай, әлеуметтік, медициналық жағынан қолдауға ие боп жүргенін мойындау керек. Мәселен, өткен жылдың басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдерімен орташа есеппен 496,9 мың отбасы қамтылса, бір ғана қыркүйек айында 462 мың отбасына 26,5 млрд теңге жәрдемақы төленген. Бұл туралы Еңбек министрлігінің баспасөз қызметі хабарлаған болатын. Аталған жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған, 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Алайда қоғамдағы жалпақ түсініктен бе, жаттанды ұғымнан ба, көпбалалы отбасы дегенде алдымен аналар алға шығып, оларға бөлек құрмет көрсетіледі. «Көпбалалы әке» деген санат жоқ. Әрине, ананы сыйлау – бүкіл жаратылыстың парызы. Дегенмен әке рөлінің төмендеуіне не себеп?

«Меніңше, әкенің рөлі төмендеген жоқ. Тек бұрынғы әкелерге қарағанда болмысы басқа, жүріс-тұрысы өзгерді. Әкесінің көзіне тіке қарай алмайтын буынған ашық сөйлесе алатын, тепе-тең қарым-қатынас жасай алатын ұрпақ дүниеге келді. Заманның ынғайына қарай материалдық игілік, сапалы өмір сүру маңызға ие болғандықтан әкелер де көп жұмыс істеуге, қамтамасыз етуге тырысады. Осыдан келіп дисбаланс туындап, отбасына көп уақыт бөле алмайтын шығар. Бірақ бәрібір ананың көп бөлек, әкенің махаббаты басқа.

Мұндай түсініктердің қалыптасуына діндегі уағыз да себеп боп жүрген секілді. Себебі «Жұмақ ананың астында», «Жақсылықты алдымен анаға, сосын анаға, тағы да анаға, содан кейін ғана әкеңе қыл» деген сынды жиі айтылатын сөздер баланың құлағында жатталып, санасына сіңеді. Сондықтан әкенің рөлін жоғарылатуды алдымен балаға берілетін түсінік, ойдан бастауымыз керек», – дейді Айсұлтан Қуандықұлы. Бүгінде оның 2 баласы бар. Айтуынша, батысқа елікпен, баладан гөрі жеке басын ойлайтын, өзі үшін ғана өмір сүргісі келетін буын қалыптасып келеді. Алайда уайымға себеп жоқ секілді. Себебі бір ғана өңіріміздің өзінде көпбалалы жас әкелер жеткілікті.

Көпбалалы отбасыдағы бала тәрбиесінің ерекшелігі неде? ҚҚДИ отбасы институтын зерттеу орталығының деректері бойынша, көпбалалы отбасылардың 62,7%-ында ер адамдар бала тәрбиесімен анасымен тең дәрежеде айналысады. «Көпбалалы отбасыларының 34,8% – тәрбиелеуде жасөспірім балалары көмектесетінін, 17,1% – күйеуінің ата-анасы, 11,7% – ешкім көмектеспейтінін және сұралған респонденттердің тек 2,7% бала күтуші қызметін пайдаланатынын айтты», – деді ҚҚДИ отбасы институтын зерттеу орталығының сарапшысы Әйгерім Әшімова.

Соңғы жылдары өткізілген сараптама нәтижесіне сүйенсек, Қызылорда облысында ата-әжелердің 42,5%-ы немерелерін (жиен емес) күтуге көмек көрсетеді. Солтүстік Қазақстан облысында сұралғандардың 20%-ға жуығында немерелерін күтумен әйелінің ата-аналары (нағашы ата-әжесі) айналысса, Қарағанды облысында 17,6%-ы айналысады екен. Жиендерін күтуге көмектесетін нағашы ата-әжелер ең аз тұратын өңір – Батыс Қазақстан (2,7%), Қызылорда (2,5%) және Ақтөбе облысы (2,1%).

**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

# ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

**(12 – 19 қаңтар)**




**Тоқты**
Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақындарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершілік артудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізу қажет.

**Торпақ**
Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз.

**Егіз**
Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз саланыда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

**Шаян**
Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиындықтың барлығы аз уақыт ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін.

**Арыстан**
Шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қолға алған жаңа жобаңыз нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

**Бикеш**
Қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

**Таразы**
Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңтайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Әр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

**Сарышаян**
Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қаймыққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Әрі жаңадан кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

**Мерген**
Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ.

**Тауешкі**
Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаныңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

**Суқұйғыш**
Күтпеген қиындықты тез әрі оңай шешесіз. Ұнқырғаныз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.

**Балық**
Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Таралымы: 6754
Тапсырыс: 56